



БҮЙРЫҚ

2021 ж. 16 наурыз

НҰР-СУЛТАН қаласы

ПРИКАЗ

№ 346

город НУР-СУЛТАН

«Жоғары және жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру
саласындағы коммерциялық
емес акционерлік қоғамның
корпоративтік басқару
кодексін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлік
2021 жылғы 19 сәуірдегі № 171
бұйрығына өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы»

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы
35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес
БҮЙЫРАМЫН:

1. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы
коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексін
бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлік 2021
жылғы 19 сәуірдегі № 171 бұйрығына келесі өзгерістер мен толықтыру
енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның
корпоративтік басқару кодексінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Корпоративтік Басқару кодексі
(бұдан әрі – Кодекс) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Қоғам) өз
кызметі барысында Қоғам ішіндегі және басқа да мүдделі адамдармен
қатынастарда басшылыққа алатын ережелер жиынтығы болып табылады.

006463

Кодекс – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.»;

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«50. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар кіреді. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамнан тұрады. Қоғамның директорлар кеңесі құрамының көмегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін Жалғыз акционерге әділ қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін тәуелсіз директорлардың саны жеткілікті болуы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамы гендерлік теңгерімді сақтауы тиіс.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері Қоғамды басқару немесе оның меншігін объективті ойлауды жүзеге асыруға қауіп төндіру мүмкін қандай-да бір материалдық мүдделерге немесе қатынастарға байланыссыз болып табылады.

Тәуелсіз және объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіби және дербестілікке ие, жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және өзге де мүдделі тараپтардың ықпалынан еркін адам тәуелсіз директор болып танылады.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес белгіленеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, оған қатысты мүдделелік бар мәмілелерді жасасу, Басқарма құрамына үміткерлерді жылжыту, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу) талқылауға белсенді түрде қатысады. Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесінің негізгі - аудит, тағайындаулар және сыйақылар комитеттерінің төрағалары сайлайды, басқа комитеттерде олар төраға ретінде сайланады.

Тәуелсіз директор тәуелсіздік мәртебесін жоғалту ықтималдығын және мұндай жағдайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарландыруды қадағалайды. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне ықпал ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы дереу осы ақпаратты тиісті шешім қабылдау үшін акционерлердің назарына жеткізеді.»;

мынадай мазмұндағы 56-1 тармақпен толықтырылсын:

«56-1. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлармен шартты Басқарма Төрағасы – Қоғам ректоры (Президент-Ректоры) жасайды.».

2. Осы бүйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.
3. Осы бүйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің міндеттін
атқарушы



K. Ерғалиев

